

ИСЛАМ ҚҰҚЫҒЫНДА ПАРАНЫҢ (РИШУӘ) ТҮЙІМ САЛЫНУЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖӘНЕ ТЕОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Ж.С. САНДЫБАЕВ, фил.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Maqsut Narikbayev University, Ислам және қазақ құқығы орталығының аға ғылыми қызметкері (Қазақстан Республикасы, Астана қ.), e-mail: nmu.zhalgas@gmail.com

А.К. САБДИН, Maqsut Narikbayev University Ислам және қазақ құқығы орталығының директоры, исламтану докторанты (Қазақстан Республикасы, Астана қ.), e-mail: a_sabdin@kazguu.kz

Мақалада Ислам құқығында параның (ришуә) тыйым салынуының құқықтық және теологиялық негіздері кешенді түрде қарастырылады. Зерттеу барысында Құран аяттары, Сүннет (хадистер), сондай-ақ классикалық фикһ ғұламаларының еңбектері мен қазіргі құқықтық нормалар талданды. Эт-Табаранидің «Әл-Кабири», әс-Суютидің «Әд-дурр әл-мансур», Ибн Касирдің «Әл-Бидая уә ән-Нихаясы», Ибн Қудама әл-Мақдисидің «Әл-Мугнни», әл-Жассастың «Ахкәм әл-Қураны» және өзге де беделді еңбектерге сүйене отырып, парақорлықтың шаригаттағы құқықтық бағасы анықталды. Ислам құқығы тұрғысынан пара беруші, алушы және делдалдың барлығы күнәға да, құқықтық жауапкершілікке де тартылатыны дәлелденді. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Қымыстық кодексіндегі пара алу, беру және делдалдық жасауға қатысты баптармен салыстырмалы талдау жүргізіліп, екі құқықтық жүйенің үндестігі көрсетілді. Зерттеу нәтижесінде парақорлықтың қоғамдық әділеттілікті бұзатын, биік пен халық арасындағы сенімге нұқсан келтіретін әлеуметтік дерт екені анықталды. Мақала құқықтық және теологиялық көзқарастарды ұштастыра отырып, парамен құресудің әмбебап қағидаттарын айқындайды.

Түйінді сөздер: Ислам құқығы, ришуә (пара), шаригат, хадис, Құран, фикһ, теология, әділет, сыбайлас жемқорлық, құқықтық жауапкершілік.

Кіріспе

Парақорлық (ришуә) – адамзат өркениетінің барлық кезеңінде әлеуметтік әділеттілікке, құқықтық қатынастардың тұрақтылығына және қоғамдық сенімге қауіп төндірген келеңсіз құбылыс. Бұл құбылыс құқықтық жүйенің іргетасы болып табылатын әділдік пен теңдік принциптерін бұзып, қоғамдық қатынастардың моральдық және құқықтық тұтастығына нұқсан келтіреді. Ислам құқығы (шаригат) ришуә мәселесін тек заңдық тұрғыдан ғана емес, діни және этикалық қырынан да қарастырады. Құран мен Сүннетте параны беру мен алуға қатаң тыйым салынып, мұндай әрекет зұлымдық пен әділетсіздікке апаратын жол ретінде айыпталған.

Ғылыми әдебиеттерде пара ұғымы құқықтық категория ретінде сыбайлас жемқорлықтың көрінісі, ал қазіргі қылмыстық-құқықтық доктринада ерекше қауіпті қылмыс түрі ретінде сипатталады. Дегенмен ислам құқық теориясында (усул әл-фикһ) ришуәнің тыйым салынуы тек құқықтық нормаларға ғана емес, сонымен қатар діни-теологиялық және моральдық негіздерге сүйенеді. Бұл тұрғыда классикалық ғалымдар – Әбу Хамид әл-Ғазали, Әбу Заһра Мухаммад, Мустафа әз-Зәрқа және қазіргі заман зерттеушілері мәселені жан-жақты талдап, парақорлықтың адам мен қоғам үшін келтіретін рухани және құқықтық зардаптарын анықтаған.

Ислам құқық жүйесі мен философиясы тұрғысынан парақорлық – қоғамның рухани, этикалық және құқықтық тепе-теңдігін бұзатын ең ауыр әлеуметтік дерттердің бірі. Ол әділет (әл-әдл) және

аманат (сенім мен жауапкершілік) қағидаттарына қайшы келіп, жеке мүддені қоғамдық игіліктен жоғары қою арқылы қоғамдық құрылымның үйлесімін бұзады. Ислам ілімі бойынша, пара (ришуа) – заңсыз жолмен материалдық пайда табу ғана емес, сонымен қатар адамның нәпсісін биіктігі, байлықтың немесе ықпалдың құралына айналдыруы болады. Мұндай әрекет қоғамдық әділеттілік (әл-әдл әл-ижтимағи) мен құқықтық тұрақтылықты (низам) әлсіретіп, зұлымдық пен сенімсіздіктің таралуына жол ашады.

Сондықтан шариғат философиясы (мақасид аш-шариға) тұрғысынан парақорлық дінді, өмірді, ақылды, ұрпақты және мал-мүлікті қорғау сияқты бес негізгі мақсатқа тікелей қайшы келеді. Осы себепті ислам құқық жүйесі параны – құқықтық әрі діни тұрғыдан қатаң тыйым салынған (харам) әрекет деп таниды және оған жол бермеуді қоғамның құқықтық тұрақтылығы мен рухани қауіпсіздігін қамтамасыз етудің басты шарты ретінде қарастырады.

Материалдар мен әдістер

Мақалада бірқатар ғылыми әдістер кешенді түрде қолданылды. Компаративтік-құқықтық талдау әдісі арқылы Ислам құқығындағы параға қатысты нормалар Қазақстан Республикасының Қымыстық кодексындағы 366–368-баптармен салыстырылып, екі құқық жүйесінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұстанымдарының өзара үндестігі анықталды. Дінтанулық-теологиялық талдау барысында Құран аяттары мен хадистерге сүйене отырып, ришуәнің (параның) қатаң тыйым салынған екендігі негізделді. Бұл тұста әс-Суютидің «әд-Дурр әл-Мансур» еңбегі мен әт-Табаранидің «әл-Кабирі» негізгі теологиялық дәйектер ретінде пайдаланылды.

Сонымен қатар тарихи-құқықтық әдіс арқылы Ислам тарихындағы парақорлыққа қатысты көзқарастар зерделеніп, Ибн Касирдің «әл-Бидая уә ән-Ниһая» және Ибн әл-Әсирдің «Ән-Ниһая фи ғариб әл-хадис уә әсар» еңбектері негізге алынды. Аталған деректер парақорлықтың қоғамдық әділетке тигізетін ықпалына тарихи тұрғыдан баға беруге мүмкіндік берді. Бұған қоса интерпретациялық-құқықтық талдау әдісі қолданылып, фикһ ғұламаларының еңбектеріндегі құқықтық тұжырымдар сараланды.

Мәселен, Ибн Қудама әл-Мақдисидің «әл-Муғни» мен әл-Жассастың «Ахкәм әл-Құраны» негізінде параға тыйым салудың құқықтық және теологиялық өлшемдері айқындалды. Осы әдістердің үйлесімді қолданылуы нәтижесінде Ислам құқығындағы параға тыйым салудың құқықтық әрі теологиялық сипатының кешенді түрде ашып көрсетілуіне қадам жасалды.

Нәтижелер және оларды талқылау

Негізінде ислам құқығында пара (ришуә) сөзінің тілдік мағынасы «**أشربا** – әр-рашәә» көпше түрі «**أشربوا** – әршия» – жіп, арқан деген мағынаға саяды. Суға қол жеткізу үшін қолданылатын шелекке байланған арқанға «**أشربا** – әр-рашәә» деп айтылады. Мәселен: **وأشربوا عطاقت ولدل ا طوقس** – арқан үзіліп, шелек (құдыққа) құлап/түсіп кетті [1, 235-б.].

«**أشربا** – әр-рашәә» сөзін түсіндіру барысында оның суға қол жеткізудің құралы шелекке байланатын арқан екендігі арасында мағыналық байланыс бар. Бұған қатысты тіл ғалымдары былай дейді: «**أشربا** – әр-рашәә» сөзінде арқан мен шелектің байланысып келу себебі, ол екеуі арқылы су тартып алынады. Дәл сол секілді адам заңсыз түрде пара беру арқылы қалаған нәрсесіне жеңі қол жеткізеді.

Ал енді пара (ришуә) сөзінің терминдік мағынасына қатысты ислам құқығында бірнеше анықтама бар:

- Жеке мүдде үшін біреуге жасырын түрде берілетін ақы, ауызбастырық;
- Белгілі бір мәселе өз тарапына тиімді шешілу үшін қолында мүмкіндігі бар лауазымды адамға берілген ақша, бағалы қағаздар, мүліктік игіліктер, мүлікке құқық, лицензиялар, келісімдер және мүлік сипатындағы т.б. пайда түрлері;

- Заңсыз әрекетке (әрекетсіздікке) жол берілу үшін біреуге заңсыз қамқорлық қылу, қызметке тағайындау, әкімшілік қызметтерді жеделдету немесе ұзарту, жазадан босату, жауапкершіліктен қашуға мүмкіндік жасау секілді т.б. мақсатта жеке өзі яки делдал арқылы адамдардан ақша, бағалы қағаздар, мүліктік игіліктер, мүлікке құқық, лицензиялар, келісімдер және мүлік сипатындағы т.б. пайда түрінде пара алу [2, 105-б.];

- Жалғанды ақиқат, ақиқатты жалған етіп көрсету үшін берілген зат;
 - (Біреуге) әділетсіз үкім шығарту немесе (өз танысына) билік тізгінін ұстату мақсатында лауазымды тұлғаны заңсыз әрекетке (әрекетсіздікке) итермелеу арқылы оның жеке өзіне немесе делдал арқылы берілген зат [3, 87-б.];

- Біреуге әділетсіз үкім шығарту немесе қалаған нәрсеге қол жеткізу мақсатында ақиқатты жалған етіп көрсету үшін берілген зат [4, 109-б.].

Ислам құқығы саласында танымал ғалымдардың бірі Али Хайдар да «Дурәр әл-ахкәм» кітабында: «Кімде-кім сыйлық берілмейінше (жауапкершілігіндегі) жұмысты атқармаса, (алғаны) пара болып есептеледі», – деп анықтама берген [5, 112-б.]. Жоғарыдағы анықтамалар негізінде, егер мемлекеттік қызметкер заңды не заңсыз әрекетке ықпал ету мақсатында қолма-қол немесе заттай ақша алса, бұл парақорлық болып табылатынын көреміз. Демек жұмыс немесе лауазымға қол жеткізу мақсатында ұсынылған зат пара болып саналады [6, 34-б.]. Оған қоса, мәміле үшін яки тендер ұтып алу үшін берілген зат та параға жатады [7, 61-б.].

Пара алу мен пара беру және парақорлыққа делдал болу – ең қауіпті заңсыздықтардың бірі. Ислам құқығында парақорлықтың негізгі құрамы:

- Пара (ришуә) алу/сұрау (өзі үшін немесе үшінші тұлға үшін);
 - Пара (ришуә) беру (тікелей немесе делдал арқылы);
 - Пара алушы мен пара беруші арасында делдалдық қылуға (яғни заңсыз пайдаға қызмет көрсетуге) келісу сынды әрекеттерден тұрады.

Бұл Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 366, 367 және 368-баптарында да анық көрсетілген. Мәселен, ҚР Қылмыстық кодексінің 366-бабы бойынша, пара алу – лауазымды адамның өз қызметтік өкілеттіктерін пайдаланып немесе ықпал ету мүмкіндігін қолдана отырып, белгілі бір әрекет (немесе әрекетсіздік) жасағаны үшін өзіне не басқаға материалдық пайда (ақша, мүлік, құқық және т.б.) алуы болып табылады [8]. ҚР Қылмыстық кодексінің 367 бабында пара беруге қатысты: Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамға не оған теңестірілген адамға немесе жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамға не лауазымды адамға, сол сияқты шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның лауазымды адамына жеке өзіне немесе делдал арқылы пара беру [8]. ҚР Қылмыстық кодексінің 368 бабында парақорлыққа делдал болуға қатысты: Парақорлыққа делдал болу, яғни пара алушыға және пара берушіге олардың арасындағы пара алу және беру туралы келісімге қол жеткізуге немесе оны іске асыруға ықпал ету [8].

Жоғарыдағы анықтамалардан байқағанымыздай пара алу әрекетіне – жауапты қызмет атқаратын әрі қолында мүмкіндігі бар адамның лауазымды қызметін қолдана отырып заңсыз әрекетке (әрекетсіздікке) жол берілу үшін немесе біреуге заңсыз қамқорлық қылу мақсатында жеке өзі яки делдал арқылы адамдардан ақша, бағалы қағаздар, өзге мүлік, мүлікке құқық немесе мүлік сипатындағы пайда түрінде пара алуы жатады.

Пара беруші – пара алушы лауазымды тұлғаны заңсыз әрекетке (әрекетсіздікке) итермелеу арқылы оның жеке өзіне немесе делдал арқылы пара беріп, өз қажетіне заңсыз қол жеткізуді көздеген адам. Парақорлыққа делдал болушы деп, пара беруші мен пара алушының ортасында жүріп, оларға пара алу мен пара беру келісіміне қол жеткізуге ықпал етуші адамды айтамыз. Негізінде Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде көрсетілген пара алу, пара беру және парақорлыққа делдал болу туралы нормалар мен Ислам құқығындағы (фикһ және усул әл-фикһ ілімдеріндегі) ришуә (пара) ұғымының тыйым салынуы арасында мазмұндық және құқықтық ұқсастықтар айқын байқалады.

Ислам құқығы қоғамның жан-жақты кемелденуіне басты тіректің бірі ретінде адал еңбек пен әділдікке негізделген қарым-қатынас жүйесін алға тартады және қай салада болмасын парақорлыққа тыйым салады. Осы тұста айта кететін маңызды мәселенің бірі – көп жағдайда парақорлық тек мемлекеттік лауазымды тұлғаларға қатысты деп қарастырылады. Алайда ислам құқығында парақорлықтың ауқымы бұдан әлдеқайда кең. Ислам құқығында парақорлықтың ауқымы мемлекеттік лауазымды тұлғалармен шектеліп қана қоймай, жеке секторларды да қамтып өтеді. Сондықтан пара алу, пара беру немесе оған делдалдық ету фактісіне қатысқан кез келген тұлға – мейлі ол мемлекеттік қызметкер, лауазымды адам немесе жеке кәсіпкер болсын – ислам құқығының нормалары бойынша құқықтық тұрғыдан құқық бұзушы (мухалиф ли әш-шарифа), ал теологиялық және этикалық тұрғы-

дан күнәһар (әсим) болып табылады. Мұндай әрекет шарияттың әділет (әл-‘адл), адалдық (әс-сидқ) және аманат (сенім мен жауапкершілік) қағидаттарына қайшы келетін, қоғамдық және моральдық тәртіпті бұзатын құқықтық және діни сипаттағы құқықбұзушылық ретінде бағаланады. Мәселен, бұл жағдайды жекеменшік ұйымның жабдықтаушысы (снабженец) мысалында қарастыруға болады. Ислам құқығының тұрғысынан мұндай тұлға сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне төменде көрсетілген құқыққа қайшы схемалар арқылы жол беруі мүмкін:

Жеткізушіден (поставщик) сыйақы талап ету

Жабдықтаушы (снабженец) белгілі компаниямен жұмыс істей алуы үшін жеткізушіден ақшалай не басқа да мүлік түрінде сыйақы талап етеді. Керісінше жағдайда жеткізуші мені таңдағаныңыз үшін деп) жабдықтаушыға сыйақы береді. Бір сөзбен айтқанда жеткізуші сыйақы берумен басқалардың мүмкіндігін шектеп, жабдықтаушының қызметін өз мүддесіне сатып алады.

Тауар мен қызмет құнын нарықтағы бағадан артық көрсету

Жабдықтаушы мен жеткізуші арасында жасалған келісімшарт барысында фирмаға қажетті тауардың құны әдейі нарықтық бағадан жоғары етіп көрсетіледі. Ал нақты нарықтық баға мен келісімшарттағы көрсетілген баға арасындағы айырмашылық жасырын қайтарым (паралық үлес) ретінде бөлінеді. Мұндай қайтарым қолма-қол ақша түрінде, делдал фирмалар арқылы аударым жасау, сыйлық беру, шетелге демалыс жолдамасын ұсыну немесе өзге де материалдық игіліктер түрінде жүзеге асуы мүмкін.

Ислам құқығының нормаларына сәйкес, мұндай әрекет қаржылық айла-шарғы мен сенімге қиянат жасауға жатады және пара (ришүә) ретінде бағаланып, діни-этикалық әрі құқықтық тұрғыдан қатаң тыйым салынған (харам) іс болып саналады;

Тауардың бағасы мен сапасын әдейі алмастыру – сыбайлас сипаттағы құқықбұзушылықтардың кең тараған түрлерінің бірі. Бұл жағдайда келісімшарт пен бухгалтерлік құжаттарда қымбат әрі сапалы материал көрсетілгенімен, іс жүзінде арзан және сапасыз өнім жеткізіледі. Нарықтық және келісімшарттық құн арасындағы айырмашылық жасырын қайтарым (паралық үлес) ретінде тараптар арасында бөлінеді.

Мұндай әрекет экономикалық алаяқтық пен қызметтік өкілеттікті теріс пайдалану нышандарын қамтып, тапсырыс берушіні материалдық шығынға ұшыратады және келісілген сападағы өнім алу құқығын бұзады. Ислам құқығы тұрғысынан бұл – алдау (ғишш) және зұлымдық (зуам) ұғымдарының көрінісі болып, әділ сауда мен аманат принциптерін бұзатын қатаң тыйым салынған (харам) әрекет ретінде саналады.

Жеткізу мерзімін әдейі бұрмалау және келісімшарттық жауапкершіліктен жалтару – қызметтік өкілеттікті теріс пайдалану арқылы жасалатын парақорлықтың жасырын түрі болып табылады. Бұл жағдайда лауазымды тұлға немесе материалдық жауапты қызметкер құжаттарда тауардың мерзімінде жеткізілгенін жалған түрде көрсетеді не керісінше, жеткізушіден кешігу фактісін жасыру үшін пара алады.

Мұндай әрекет келісімшарттық міндеттемелердің бұзылуына, экономикалық шығынның туындауына және жалған есептілікке жол ашады. Құқықтық тұрғыдан ол пара алу және қызметтік жалғандық жасау құрамдарын біріктіреді, ал ислам құқығы көзқарасынан – алдау (тағрир) мен қиянат (хиянә) ұғымдарына сәйкес келетін, аманатқа қиянат және әділдік қағидатына қайшы келетін харам іс-әрекет болып саналады.

Жалған тендер ұйымдастыру және жеткізушіні заңсыз артықшылыққа ие ету – парақорлық пен сыбайлас жемқорлықтың күрделі нысандарының бірі болып табылады. Мұндай жағдайда жабдықтаушы ресми конкурстық рәсімдердің ашықтығы мен әділдігін әдейі бұрмалап, жалған тендер ұйымдастырады немесе бәсекелестерге тең мүмкіндіктер бермей, өзіне ыңғайлы жеткізушіні таңдайды.

Көп жағдайда мұндай жеткізуші – жеке танысы немесе алдын ала келісілген фирма болып, жабдықтаушы сол үшін заңсыз сыйақы (пара) алады. Бұл әрекет мемлекеттік сатып алу саласындағы бәсекелестікті шектеу, әділдік принципін бұзу, әрі қоғамдық мүддеге нұқсан келтіру сипатында бағаланады.

Құқықтық тұрғыдан ол пара алу мен қызметтік өкілеттікті теріс пайдалану құрамдарын қамтиды, ал ислам құқық жүйесінде мұндай іс-әрекет әділетсіз мәміле (ғиш) мен алдау (тағрир) ретінде

қарастырылып, қоғамдық сенім мен аманат қағидасына қайшы келетін ауыр күнә деп есептеледі.

Аталған мәселеге қосымша мысал ретінде емтихан барысында жоғары баға қою мақсатында ұстаз тарапынан студенттерден пара немесе сыйақы алу әрекетін де келтіруге болады. Мұндай іс-әрекет білім беру саласындағы адалдық пен әділдік қағидаттарын өрескел бұзатын құқықбұзушылық ретінде бағаланады.

Ислам құқық жүйесінде бұл құбылыс тек заңсыз табыс (мәл әл-харам) ретінде ғана емес, сонымен қатар аманатқа қиянат жасау, әділетсіздікке жол беру және қоғамдық сенімге нұқсан келтіру сипатындағы ауыр моральдық және діни қылмыс болып саналады.

Шариғат нормаларына сәйкес, мұндай әрекеттер құқықтық тұрғыдан қатаң тыйым салынған (харам) және этикалық әрі теологиялық тұрғыдан опасыздық пен әділетсіздікке тең деп есептеледі, себебі ол білімнің қадірін түсіріп, әділет пен еңбектің құнын бұрмалайды.

Ислам құқықтанушылары Құран мен Сүннет, ижмағ және логикалық дәлелдерге сүйене отырып параның қатаң тыйым салынған (харам) екендігіне бір ауыздан келіскен. Себебі Құранда:

نَّمَّ أَقْيَرَفِ اَوْلُكَاَتَلِ مَاكُحْلِ اِلَى اِهَبِ اَوْلِدْتَو لَطَابِلِ اِبِ مَكَنْبِيَّ ب مَكَلِ اَوْمًا اَوْلُكَاَتِ اَلْوِ
ن وَمَوَعَت مَتْنِ اَو مَثَلِ اِبِ سَانِ لَلِ اَوْمِ

«Бір-бірінің мал-мүлкін (ұрлау, тонау, жемқорлық, қиянат жасау, өсім белгілеу және құмар ойындары секілді) харам жолдармен жемендер. Сондай-ақ оларды (яғни мал-мүліктеріңді) өздеріңе тиесілі болмаған дүниені алу һәм ел-жұрттың мал-дүниесінің бір парасын біліп тұрып күнәлі жолдармен жеу үшін (пара ретінде) басшыларға беруші болмаңдар», – деп параға тыйым салынған [9, 2:188].

Әр-Рази (1150-1210) аятты тәпсірлеу барысында бірнеше бағытты баяндай келе: «...аятта халық қазынасына қол сұғу немесе көпшіліктің ақысын жеу секілді арам пиғылмен басшыларға пара бермендер деген үкім бар», – деп түсіндіреді [10, 103-б.]. Имам Құртуби (1204-1273) да аяттың бірнеше мағынаны қамтитындығын алға тартып: «Сендер билеушілерді ақшамен күтесіңдер. Алайда мақсаттарың – пара беру арқылы одан да көп ақшаға ие болу» деп тәпсірлеген [11, 128-б.].

Ибн Атияның (1088 – 1146) пікірінше, Имам Құртубидің параға қатысты түсіндірмесі орынды, өйткені басшылар арасында пара алу қаупі өте жоғары, ал Алланың қорғауымен нәпсісін тізгіндей алған санаулы адамдар ғана мұндай күнәдан аман қалады. Ол «ришуә» (пара) сөзінің түбірі «ришәә» – қауға шелектің жібі деген сөзден шыққанын атап өтеді. Адам қауғаны суды алу үшін пайдаланғаны сияқты, пара да адам өз мұқтажын өтеу үшін қолданатын құрал іспетті. Осыған сүйене отырып, Ибн Атия параны – қажеттілік кезінде пайда табу мақсатында жасалатын әрекет деп түсіндіреді [12, 247-б.].

Сүннетте де параның (ришуә – харам) қатаң тыйым салынған екендігіне айқын дәлелдер келтірілген. Мысалы, Амр ибн әл-Ас есімді сахаба риуаят еткен хадисте былай делінеді:

شئارل او يشترم ل او يشارل هلل نعل

«Алла Тағала пара берушіні, пара алушыны және арадағы делдалды лағынеттеді» [13,103-б.]. Риуаят етілген келесі бір хадисте:

رانل ا ف يشترم ل او يشارل

«Параны берген де, алған да тозақы» делінген [14, 24-б.]. Хадис мәтіндері пара берген және пара алған кісі мен араларында делдалдық қылушының лағынетке лайық болатындығын көрсетеді. Лағынет – Алланың рақымынан алыстау деген сөз. Алланың рақымынан алыстау – үлкен күнәлар себепті орын алады. Бұл өз кезегінде параның үлкен күнә әрі қатаң тыйым салынған (харам) екендігіне тағы бір дәлел [15, 129-б.].

Әбу Хумәйд әс-Сағиди жеткізген хадисте былай делінеді:

نَبَا: هَلْ لَأَقِيْ، دَسْ أَلَا نِمَ الْجَرَ مَلِيسَ وَ هَيْلَعُ هَلْ لَأَيَّصِ هَلْ لَأَلِ لَوْسَرَ لَمَعَتَسْ
لَوْسَرَ مَأَقِيْ: لَأَقِيْ، يَلِ يَدِيْ، يَلِ أَدُو، مَكَلِ إِذِهِ: لَأَقِيْ مَدَقِ أَمَلِ فِ، عَقْدَصِرِ لَأِيْلَعِ، عَيْبِ تَلَلِ
لَأَيِّبِ أَمِ: لَأَقِيْ وَ هَيْلَعُ يَنْثَا، هَلْ لَأِيْلَعِ دِمَحِ فِ، رِبِ نِمَلِ يَلِ عِلِ مَلِيسَ وَ هَيْلَعُ هَلْ لَأَيَّصِ هَلْ لَأَلِ
وَمَأْتِيْبِ يَفِ وَ، هَيْبِ أَيْبِ يَفِ دَعِ أَلِ فِ أَيْبِ يَدِهِ إِذِهِ، مَكَلِ إِذِهِ: لَوْقِيْ فِ، مَثَعِبِ أَلِ مَعِ
إِيْشِ، أَهْنَمِ مَكَلِ نِمِ دِحْ أَلِ يَنْبِيْ أَلِ، هَيْبِ دِمَحِ سَفِيْ يَدَلِ أَوْ؟ أَلِ مَأِ هَيْلَعِ إِذِهِ يَأِ رِظَنِيْ يَحِ
رَعِيْتِ هَاشِ وَ، رَأُوخِ أَوَّلِ عَرَقِ بِ وَ، عَاعِرِ هَلِ رِيْعِ بِ هَقْنَعِ يَلَعِ هَلِ مَحِيْ عَمَائِيْ قَلِ مَوِيْ هَبِ عَاجِ أَلِ
نِيْتَرِمِ؟ تَعَلَبِ لِهْ، مَهَلَلِ: لَأَقِيْ مَثْ، هَيْطَبِ يَتَرْفَعِ أُنْيَارِ يَحِ هَيْدِيْ عَفَرِ مَثْ

Алланың елшісі Абдулла ибн Лутбияны зекет жинау қызметіне тағайындайды. Бір күні Абдулла ибн Лутбия зекет жинап келеді де: «Мынау сендерге, ал бұл маған сыйлыққа берілді» деп, өзіне берілген сыйлықтарды көрсетеді. Мұны естіген пайғамбар мінберге шығып Аллаға мақтау мен мадақ айтады және былай дейді: Алла Тағала тапсырған істерге кейбір адамдарды жауапты қыламыз. Кейін олардың бірі келіп: «Мынау сендерге, ал бұл маған сыйлыққа берілді» дейді. Мұнысы ақиқат болса сыйлығы келгенше әкесінің не анасының үйінде (қол қусырып) отырмай ма?! Жаным құзырында болғанмен ант етемін! Кімде-кім өз ақысына тиесілі болмаған бір затты алатын болса, Қиямет күні мойнына боздаған түйе немесе мөңіреген сиыр не маңыраған қой артып келеді» деді де, екі қолын қолтықтары көрінгенше көтеріп: «Уа, Жаратқан Ием! Жеткіздім бе?» деп үш қайтара айтты [16, 285-б.].

Біріншіден, айтылмыш хадис Имам Муслимнің сахих жинағында «Жауапты қызметшіге берілген сыйлықтың харам» екендігін баяндайтын тақырып аясында қарастырылған.

Екіншіден, бұл жағдайда сыйлықтың қатаң тыйым салынған (харам) деп танылуының басты себебі – оның жауапты қызмет атқаратын тұлғаға берілуімен түсіндіріледі. Абдулла ибн Лутбияның мысалында көрсетілгендей, мемлекеттік міндеттерді атқарушы тұлғаның сыйлық қабылдауы оның лауазымдық мәртебесіне байланысты шарифат тұрғысынан да, құқықтық тұрғыдан да рұқсат етілмейді. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген немесе оған теңестірілген тұлғаларға, сондай-ақ жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын қызметкерлерге өз қызметтік өкілеттіктерін орындауға байланысты жеке немесе заңды тұлғалардан сыйақы алуға тыйым салынады. Мұндай сыйақылар көбіне «сыйлық» атауымен жасырын түрде берілуі мүмкін және олар ақшалай төлемдер, банктік аударымдар, мүлктік сипаттағы қызметтер, демалыс немесе жолақы шығындарын өтеу сияқты нысандарда көрініс табады. Бұл, өз кезегінде, параның жасырын түрі ретінде бағаланып, Ислам құқығы мен ұлттық заңнама тұрғысынан бірдей дәрежеде тыйым салынған әрекет болып есептеледі.

Негізінде, шарифатта риясыз (таза ниетпен) берілетін сыйлық пен қызметтік мүдде көзделген сыйақы түріндегі пара арасында айқын айырмашылық бар. Егер сыйлық беру әрекеті жауапты лауазымдық міндеттермен немесе қызметтік өкілеттіктермен байланысты болмаса, яғни адамдар арасында өзара құрмет пен сүйіспеншілікті арттыру мақсатында жасалса, мұндай сыйлық шарифи тұрғыдан рұқсат етілген әрі мұстахаб (мадақталған) амал болып табылады. Бұл қағида Пайғамбардың: «Бір-бірлеріңе сыйлық беріңдер – араларыңда сүйіспеншілік оянсын», – деп айтылған хадисінде де көрініс табады [16, 297-б.]. Осылайша, Ислам құқық жүйесінде сыйлықтың үкімі оның берілу ниетіне және әлеуметтік-қызметтік контекстіне тікелей байланысты қарастырылады. Риясыз сыйлық рухани және қоғамдық байланыстарды нығайтудың құралы болса, ал қызметтік мақсатта берілген сыйлық немесе пара – құқықтық және этикалық тұрғыдан тыйым салынған әрекет ретінде бағаланады.

Үшіншіден, хадис мәтінінде Абдулла ибн Лутбияның өзіне қызметтік міндетін атқару барысында берілген дүниені «сыйлық» ретінде қабылдағаны баяндалады. Алайда Мұхаммед пайғамбар бұл түсінікті теріске шығарып, мұндай «сыйлықтың» шын мәнінде қызметтік өкілеттікті жеке мүддеге пайдалану мақсатында берілген пара сипатына ие екенін нақты көрсеткен. Яғни, мұндай сыйақы – сыйлық формасында жасырылған пара болып табылады. Пайғамбар бұл тұрғыда сыйлықтың шынайы мәнін түсіндіріп, адамның өз қызметі мен лауазымына байланысты емес, риясыз түрде берілген сыйлық қана адал саналатынын ескерткен: «Егер бұл сыйлық расымен өзіне тиесілі болса,

онда неге ол әкесінің немесе анасының үйінде (қызмет атқармай-ақ) отырып, сол сыйлықтың келуін күтпейді?» – деп айтқан. Бұл хадис қызметтік өкілеттік пен жеке мүддені ажырату қажеттігін, сондай-ақ сыйлық нысанындағы параның этикалық әрі құқықтық тұрғыдан қатаң тыйым салынғанын айқын дәлелдейді.

Шын мәнінде, егер Абдулла ибн Лутбия ешқандай мемлекеттік немесе әкімшілік қызмет атқармай, өз үйінде (ата-анасының жанында) отырған болса, оған мұндай сыйлықтар берілмес еді. Бұл жағдайдың өзі аталған сыйлықтардың шынайы сый емес, қызметтік өкілеттіктерін пайдаланғаны үшін көрсетілген материалдық ықылас, яғни пара екенін айғақтайды. Демек, мұндай сыйлықтардың түпкі мәні – жеке пайда мен белгілі бір мүддені көздеу болып табылады.

Төртіншіден, хадис мәтіні қызметтік қатынастар шеңберінде берілетін сыйлықтарға қатысты нақты құқықтық және этикалық өлшем орнатады. Мұнда заттай немесе ақшалай сыйақылар, сондай-ақ мүліктік сипаттағы өзге де игіліктерді қабылдау лауазымды тұлғалар үшін қатаң түрде тыйым салынған әрекет ретінде қарастырылады. Бұл қағида қазіргі заманғы мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқық нормаларымен де үндес келеді, себебі ол қызметтік адалдық пен қоғамдық сенім қағидатын қорғауға бағытталған.

Әбу Хумәйд ас-Сағиди және Жәбир ибн Хасан жеткізген бірнеше риуаяттарда билік өкілдері мен әкімдерге ұсынылатын сыйлықтардың «ғулул» – яғни жасырын түрде алынған заңсыз мүлік ретінде бағаланатыны айқын көрсетілген [17, 314-б.]. Мұндай анықтама Ислам құқықтық дәстүрінде лауазымдық өкілеттікті жеке мүдде үшін пайдалануға бағытталған кез келген сыйлық түрін сыбайлас жемқорлықтың көрінісі ретінде тануға құқықтық және моральдық негіз қалайды. Бұл хадистердің мазмұны билік иелерінің адалдығы мен қоғамдық сенімді сақтау қағидатын қамтамасыз етуге бағытталған құқықтық-нормативтік ұстаным ретінде қарастырылады.

Сонымен қатар Әбу Умама жеткізген хадисте пара алу әрекетінің шариғи тұрғыдан ауыр құқықбұзушылық екендігі нақты айқындалады. Онда: «Кімде-кім қылымыс жасаған мұсылман бауырына араша түсіп, сол үшін сыйақы қабыл етсе, рибаның есіктерінің бірін ашқан болады» [18, 216-б.] деп баяндалған. Бұл хадис пара алудың зұлымдыққа қолдау көрсету және әділеттілік принципі бұзу ретінде бағаланатынын көрсетеді.

Сондай-ақ, Ибн Масғұдтың құқықтық түсіндірмесінде пара алудың үкімі «күпірлік» деп сипатталған. Ал фикһтық дәстүрде мұндай заңсыз табыс «сухт» – яғни арам жолмен келген мүлік ретінде танылады [19, 118-б.]. Тағы бір деректе Ибн Масғұд: «Сухт – арам мал және пара» [20, 97-б.] деп нақтылаған. Бұл тұжырымдар Ислам құқығында параны қабылдауды моральдық және құқықтық тұрғыдан ең ауыр тыйымдардың бірі ретінде бекітетінін дәлелдейді.

Ислам тарихында әділдігімен ерекшеленген Омар ибн әл-Хаттаб (585-644) дәуірінде мемлекеттік басқару мен қоғамдық әділеттілікті сақтау мәселесі айрықша назарда болған. Осы тұрғыда Ибн Омардан Табари жеткізген риуаятта Мұхаммед пайғамбар:

- Сухттан өсіп-жетілген әрбір дене үшін тозақ оты анағұрлым лайықты» деп ескерткен. Сахабалардың бірі:

- Сухт деген не? деп сұрағанда, Мұхаммед пайғамбар:

- Бұл – биліктің пара алуы – деп нақтылаған. Кейін Ибн Омар өз сөзінде: «Адамдардың сухттан (арам табыстан) жейтін екі есігі бар: біріншісі – биліктегі пара, екіншісі – зина жасаушыға берілген ақы» деп түсіндірген [21, 145-б.].

Аталған деректер Ислам құқықтық жүйесінде парақорлықтың тек заңсыз мүліктік әрекет емес, сонымен қатар адамгершілік және қоғамдық тәртіпті бұзуға әкелетін ауыр құқықтық-этикалық қылмыс екенін дәлелдейді. Хадистер мазмұны билік өкілдері мен қызмет иелерінің әділеттіліктен ауытқуына, жеке мүддені қоғам мүддесінен жоғары қоюына себеп болатын парақорлықтың құқықтық және рухани тұрғыдан тыйым салынғанын айқындайды.

Осыған сәйкес, пара алу немесе беру әрекеті Ислам құқығында ауыр күнә саналып, қоғамдық сенім мен әділдік принциптерін бұзудың көрінісі ретінде бағаланады. Мұндай әрекеттердің түпкі салдары – әділ басшының әділетсіз әрі опасыз тұлғаға айналуы, яғни билік пен қоғам арасындағы құқықтық және моральдық тепе-теңдіктің бұзылуы болып табылады. Бұл ұстаным Ислам құқық жүйесінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы қағидаттарының өзегін құрап, қоғамдағы әділет пен адалдықтың сақталуына құқықтық және этикалық кепілдік береді.

Парақорлық – құқықтық және этикалық тұрғыдан қоғамның әділдік принциптерін бұзатын, тұғаны заңсыз әрекеттерге итермелейтін қауіпті құқықбұзушылық түрі болып табылады. Ол билік пен сенім иелерінің бейтараптық пен адалдық қағидаттарынан ауытқуына себеп болып, қоғамдық қатынастардың моральдық және құқықтық негізін әлсіретеді.

Бұл мәселеге қатысты тарихи деректердің бірі ретінде Омар ибн Абдулазизге қатысты оқиға мысал бола алады. Риуаяттарда баяндалғандай, ол Шам өңіріне сапары кезінде бір кісіден сыйлық ретінде алма қабылдайды. Алайда ол алманы тек иіскеп көргеннен кейін, сыйлықты қабылдаудан бас тартып, оны иесіне қайтарып беру туралы нұсқау береді:

- Беріп жіберген кісіге алғысымды білдіріңдер және алмасын ала алмайтынымды жеткізіңдер, – дейді.

Амр ибн Қайс деген кісі бұған таңырқап:

- Уа, мүміндердің әміршісі! Алланың елшісі де өзіне жіберілген сыйлықты қабыл алмаушы ма еді? Сіз мұны білмедіңіз бе? – деп сұрайды. Сонда Омар ибн Абдулазиз:

- Сыйлық Алланың елшісіне берілді және ол риясыз таза сыйлық болатын. Ал бүгінгі таңда бізге келетін сыйлықтар пара есебінде беріледі, – деп жауап қатады [22, 241-б.].

Айтымыш хадис мәтіндері мен оқиға басшылық қызметтегі адамға қарамағындағы қызметкерден сыйлық алудың тыйым салынатын іс екендігіне айғақ. Ислам нормасына сай бұл әрекет – жемқорлық әрі арам табыс түріне жатады. Мұндай тыйым кез келген қаржылық мохинацияның алдын алу үшін қойылған. Сыйлық әдетте басшылық қызметтегі адамға оның көңілін табу немесе әділетсіз шешім қабылдану мақсатында беріледі. Сондықтан пара есебінде жүреді [23, 128-б.].

Ислам құқық жүйесінде пара алу мен берудің үкімі Құран мен Сүннет мәтіндеріне сүйене отырып анықталады. Бұл қайнар көздерді талдау нәтижесінде пара алу мен беру әрекеттері шарифат тұрғысынан қатаң тыйым салынған (харам) болып табылатыны, ал сенімдік тұрғыдан үлкен күнә ретінде бағаланатыны айқындалды.

Аталған екі негізден кейін Ислам құқық жүйесіндегі маңыздылығы жағынан үшінші дереккөз – ижмағ ерекше орын алады. Ижмағ (араб. إجماع – бірауыздан келісу) – белгілі бір мәселе жөнінде Мұхаммед пайғамбардан (ﷺ) кейін өмір сүрген ислам ғұламаларының бірауыздан ортақ пікірге келуін білдіретін шарифи дәлел көзі. Ижмағ құқық нормаларының тұрақтылығын, құқықтық шешімдердің бірізділігін және қоғамдағы әділдік пен тәртіпті қамтамасыз етуді көздейді.

Парақорлыққа қатысты ижмағ ғұламаларының барлығының ортақ шешіміне негізделіп, оның заңсыз әрі шарифатқа қайшы әрекет екендігін түбегейлі бекітеді [24, 385-б.]. Мәселен, фиқһ ғалымы Ибн Абидин бұл жөнінде: «Мұрагерлерге парадан жиналған ақшаны алуға болмайды» – деп тұжырымдаған [25, 73-б.]. Ал Зәйләғи өз еңбектерінде: «Мұрагерлер ондай мүліктен бас тартып, ешнәрсе алмауы тиіс. Бұл – олар үшін игі іс. Егер мүмкін болса, алынған параны иесіне қайтарады немесе садақа ретінде таратады» – деп атап өткен [26, 142-б.].

Мұндай бірауызды келісім Ислам құқығында парақорлықтың тек қана материалдық заң бұзушылық емес, сонымен қатар діни және этикалық жауапкершілікке алып келетін ауыр құқықтық-синтетикалық қылмыс екендігін дәлелдейді. Осылайша, ижмағ парақорлықтың үкіміне қатысты Құран мен Сүннетте бекітілген қағидаларды нақтылап, шарифи жүйенің тұтастығын қамтамасыз ететін құқықтық негіз ретінде қызмет атқарады.

Парақорлық – адамдардың ақысын жеу, оларға қиянат жасау, әділетсіздік қылу, опасыздық таныту. Парақорлық – қоғам ішін құртша кеміретін үлкен дерт. Оның тамыр жаюы мәдениетке, экономика мен саясатқа, қорғаныс және қауіпсіздік салаларына зардабын тигізіп қана қоймай, құндылықтар мен моральдық принциптердің құлдырауына, адам құқықтарының аяқ асты етілуіне әкеліп соғады. Басқаша айтқанда, парақорлық тамыр жайған қоғамды әділетсіздік жайлайды, құқықтық жүйе әлсіреп, өркениеттілік пен мәдени деңгей құлдырайды. Әлеуметтік, экономикалық және саяси саалар жан-жақты деградацияға ұшырайды. Сол үшін де ислам құқығы арам табыстың барлық түріне – оның жолы қандай болса да – түбегейлі қарсы. Себебі бұл: қоғамда сенімсіздік пен әділетсіздік тудырады, адамның руханияты мен ар-ожданын кірлетеді және ақыретте ауыр сұрақ пен азапқа себеп болады. Мәселен мемлекет тарапынан жалақы алатын қатардағы не лауазымды қызмет иесі, қылған қызметін міндетсіп халықтан (пара ретінде) ақша талап етсе, адамдар арасында әділетсіздік, пайдакүнөмдік, жауыздық, халық қаржысының ысырап етілуі белең алады.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу нәтижелері көрсеткендей, ислам құқығында параның (ришуә) тыйым салынуы тек құқықтық шектеулермен шектелмей, терең теологиялық және моральдық негіздерге сүйенеді. Құран аяттары, Мұхаммед пайғамбардың хадистері және сахабалардың ижмағы және т.б деректер ришуәні қоғамдағы әділет пен теңдікті бұзатын, әлеуметтік құрылымның тұрақтылығына нұқсан келтіретін ауыр қылмыс ретінде сипаттайды. Бұл ұстаным ислам құқық жүйесінің құқықтық нормалары мен моральдық қағидаттарының өзара байланыста қалыптасқанын дәлелдейді. Осы тұрғыда классикалық ғалымдар – әт-Табарани, әс-Суюти, Ибн Касир, Ибн әл-Әсир, Ибн Қудама, әс-Санғани, әл-Жассас және Ибн Абидин еңбектерінде ришуә әрекеті қоғамдағы зұлымдық пен әділетсіздіктің бастауы ретінде қарастырылып, оның діни-этикалық және құқықтық тұрғыдан айыпталатыны жүйелі түрде негізделген.

Аталған дереккөздер мен көзқарастарды талдау нәтижесінде ислам құқығындағы параға тыйым салудың ерекшелігі оның тек заң бұзушылыққа қарсы шара ретінде емес, сонымен бірге адам мінез-құлқы мен қоғамдық қатынастарды реттейтін әмбебап моральдық-құқықтық қағида ретінде танылатыны айқындалды. Бұл қағида жеке тұлғаның ішкі рухани тазалығын қамтамасыз етіп қана қоймай, қоғамдағы сенім, әділет және жауапкершілік ұстанымдарын орнықтыруға бағыттаған. Мұндай әдіс ислам құқығын тек нормативтік жүйе емес, сонымен бірге моральдық тәртіпті сақтауға арналған тұтас өркениеттік жүйе ретінде танытады.

Қазіргі заман тұрғысынан қарағанда, ислам құқық философиясындағы параға қарсы ұстанымдар заманауи құқықтық мәдениетпен өзара үндестік табады. Парақорлықтың таралуы билік пен байлықтың заңды айналымына нұқсан келтіріп, әлеуметтік теңсіздік пен моральдық азғындықты күшейтеді. Нәтижесінде құқық үстемдігі әлсіреп, адамгершілік қағидаттар өз маңызын жоғалтады. Исламдық көзқарас мұндай құбылысты тек қылмыстық құқықбұзушылық емес, сонымен қатар рухани дерт, яғни жүректің әділдік пен ықыластан айрылуы ретінде бағалайды.

ҚР Қылмыстық кодексындағы парақорлыққа қатысты баптар мен Ислам құқығының нормалары арасында мәндік және қағидалық ұқсастық жоғары: екеуі де билік өкілеттігін жеке пайда үшін пайдалану мен қоғамдағы әділеттілік принципі бұзуға жол бермейді. Алайда Ислам құқығында бұл мәселе тек қылмыстық-құқықтық деңгейде ғана емес, сонымен қатар рухани және этикалық категория ретінде қарастырылып, адам мен қоғамның моральдық тазалығын қамтамасыз етуге бағытталған әмбебап норма болып табылады.

Осыған сәйкес, ислам құқық жүйесінде парақорлық – құқықтық әрі діни тұрғыдан қатаң тыйым салынған (харам) іс-әрекет, ал оған жол бермеу – құқықтық міндет қана емес, сонымен бірге рухани және моральдық жауапкершілік болып табылады. Мұндай тұжырым қоғамдағы сенім мен әділеттілікті сақтау арқылы Құдайдың белгілеген құқықтық және моральдық тәртібін қорғауға бағытталған. Демек, ришуәге қарсы исламдық құқықтық-теологиялық қағидаттар қазіргі қоғам үшін де өзектілігін сақтап, құқық пен адамгершіліктің өзара үйлесімін қамтамасыз етудің теориялық және практикалық негізін құрайды.

Ж.С. Сандыбаев, главный научный сотрудник Центра исламского и казахского права при Maqsut Narikbayev University, к.фил.н., ассоциированный профессор (Республика Казахстан, г. Астана); А.К. Сабдин, руководитель Центра исламского и казахского права при Maqsut Narikbayev University, докторант исламоведения (Республика Казахстан, г. Астана): Правовые и теологические основы запрета взяточничества (ришуә) в исламском праве.

В статье комплексно рассматриваются правовые и теологические основы запрета взяточничества (ришва) в исламском праве. В исследовании анализируются аяты Корана, хадисы Пророка, а также труды классических ученых фикха и современные правовые нормы. На основе трудов ат-Табарани («Аль-Кабир»), әс-Суюти («Ад-дурр аль-мансур»), Ибн Касира («Аль-Бидая ва ан-Нихая»), Ибн Қудамы аль-Мақдиси («Аль-Мугни»), аль-Джассаса («Ахкам аль-Куран») и других авторитетных источников определяется правовая оценка взяточничества в шариате. С точки зрения исламского права как дающий, так и получающий взятку, равно как и посредник, несут греховную и правовую ответственность. Проведен сравнительный анализ с нормами Уголовного кодекса Республики Казахстан, регулирующими получение, дачу и посредничество во взяточниче-

стве, выявлены точки соприкосновения двух правовых систем. В результате исследования показано, что взяточничество разрушает общественную справедливость и подрывает доверие между властью и народом. Статья объединяет правовые и теологические подходы, выявляя универсальные принципы борьбы с коррупцией.

Ключевые слова: Исламское право, ришва (взятка), шариат, хадис, Коран, фикх, теология, справедливость, коррупция, правовая ответственность.

Zh.S. Sandybaev, Senior Researcher of the Center for Islamic and Kazakh Law at Maqsur Narikbayev University, candidate of Philosophical Sciences Associate Professor (Astana, Republic of Kazakhstan); A.K. Sabdin, Supervisor of the Center for Islamic and Kazakh Law at Maqsur Narikbayev University, doctoral student in Islamic studies (Astana, Republic of Kazakhstan): Legal and Theological Foundations of the Prohibition of Bribery (Rishwa) in Islamic Law.

This article provides a comprehensive study of the legal and theological foundations of the prohibition of bribery (*rishwa*) in Islamic law. The research analyzes Qur'anic verses, Prophetic hadiths, as well as the works of classical jurists and contemporary legal norms. Relying on authoritative sources such as al-Tabarani's *al-Kabir*, al-Suyuti's *al-Durr al-Mansur*, Ibn Kathir's *al-Bidaya wa al-Nihaya*, Ibn Qudama al-Maqdisi's *al-Mughni*, and al-Jassas's *Ahkam al-Qur'an*, the article determines the legal assessment of bribery within the framework of Sharia. From the perspective of Islamic jurisprudence, both the giver and the receiver of a bribe, as well as the intermediary, bear moral sin and legal liability. A comparative analysis with the Criminal Code of the Republic of Kazakhstan, which regulates the acts of receiving, giving, and mediating bribes, demonstrates significant parallels between the two legal systems. The study concludes that bribery undermines social justice and erodes trust between government and society. By integrating legal and theological perspectives, the article identifies universal principles for combating corruption.

Keywords: Islamic law, rishwa (bribery), Sharia, Hadith, Qur'an, Fiqh, theology, justice, corruption, legal responsibility.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Мұғжам әл-Араб. Қаһира. Дар ән-Надуа, 1989. – 459 б.
2. Эт-Тағрифәт ли әл-Журжәни. Бейрут. Дәр әл-мағрифә, 1-басылым, 2007 ж., 325 б.
3. Ибн Хазм. Әл-Мухаллә би әл-әсәр. Бейрут. Дәр әл-фикр. 1997. – 205 б.
4. Әл-Маусуға әл-фиқһия, әл-кувейтия. Уизәра әл-ауқаф уә әш-шуун әл-исләмия. Кувейт. Дар әл-Кәләм, 2001. – 374 б.
5. Али Хайдар. Дурәр әл-хуккәм шарх мәжәллә әл-ахкәм. Димашқ. Дәр әл-джил, 1997. – 238 б.
6. Доктор Али әт-Таһтауи. Әл-Фәтәуә ән-надия фи әл-фарқ бәйнә әр-ришүә уә әл-һадия. Кувейт. Дәр әл-кутуб. 2003. – 337 б.
7. Доктор Усәмә әс-Сәйид. Әл-Фәсәд әл-иқтисад уә әсәруһу алә әл-муһтәмағ. Искандария, Дәр әл-Жәмиғә әл-Жәдидә, 2009 ж. – 261 б.
8. ҚР Қыамыстық Кодексі 2014 жылығы 3 шілдедегі № 226-V. URL: https://kodeksy-kz.com/ugolovnyj_kodeks. (10.07.2025).
9. Жаңа Құран. URL: <https://kuran.kz> (10.07.2025).
10. Фахр әд-дин әр-Рази. Мәфәтих әл-ғайб. Қаһиро. Дәр әл-Фикр, 2005. – 364 б.
11. Әл-Қуртуби. Әл-Жамиғ ли ахкәм әл-Қуран әл-Кәрим. Искандария, әл-Илм. 1999. – 386 б.
12. Әбу Бәкр Ғалиб. Аль-Мухаррар аль-ваджиз фи тафсир аль-Китаб аль-Азиз. Қаһиро, әл-Қалам. 2002. – 421 б.
13. Джами ат-Тирмизи. Истанбул. Дар ән-Нәдва, 1986. 1. Т.– 502 б.
14. Эт-Табарани. Әс-Сағир. Димашқ, Әл-Ғуда. 1974. 1. Т – 489.
15. Әс-Сағғани. Субуль әс-Сәләм. Бейрут, Дәр әл-фикр. 2003. – 406 б.
16. Сахих әл-Бұхари. Истанбул. Дар ән-Нәдва, 1998. 2. Т.– 574 б.
17. Аш-Шаукани. Нейль әл-Атуар. Қаһира, Ән-Нәшр. 1987. – 384 б.
18. Әбу Дәуит. Сунән. Кувейт. Дәр әл-кутуб. 2001. – 557 б.
19. Әл-Бәйһақи. Сунән әл-Кубра. Истанбул. Яиневи, 1996. 10. Т.– 402 б.
20. Ибн Кәсир. Тәфсир әл-Қуран әл-азым. Бейрут, Дәр әл-кутуб әл-илмия. 2002. 2. Т. – 256 б.

21. Әс-Суюти. Әд-дурр әл-мансур. Қаһиро. Дәр әл-Фикр, 2001. 2. Т. – 454 б.
22. Ибн Касир. Әл-Бидая уә ән-ниһая. Бейрут, Дәр әл-кутуб әл-илмия. 2000. – 360 б.
23. Ибн Қудама әл-Мақдиси. Әл-Мүғни. Халаб. Толиб әл-Ильм, 1997. 674 б.
24. Әс-Санғани «Субуль әс-Сәләм», 4/1403; Әл-Жассас «Ахкәм әл-Қуран», 2/607.
25. Хәшия Ибн Абидин. Матбаға Иса әл-Бәби әл-Хәлби. Қоһира. Мактаб, 1976 ж. – 395 б.
26. Әз-Зәйләғи. Тәбиин әл-хақаиқ шарх Кәнз әд-Дақаиқ. Тус. Дәр әл-китәб әл-исләми, 1991. – 386 б.

References:

1. Mýgjam ál-Arab. Qahira. Dar án-Nadýa, 1989. – 459 b.
2. Át-Tağrifát li ál-Jýrjáni. Beirýt. Dár ál-mağrifá, 1-basylym, 2007 j., 325 b.
3. Ibn Hazm. Ál-Mýhallá bi ál-ásár. Beirýt. Dár ál-fikr. 1997. – 205 b.
4. Ál-Maýsýga ál-fiqhua, ál-kýveitua. Ýizára ál-aýqaf ýá ásh-shýyn ál-islámua. Kýveit. Dar ál-Kálám, 2001. – 374 b.
5. Alí Haidar. Dýrár ál-hýkkám sharh májallá ál-ahkám. Dimashq. Dár ál-djil, 1997. – 238 b.
6. Doktor Alí át-Tahtaýi. Ál-Fátáyá án-nádua fi ál-farq báiná ár-rishýá ýá ál-hádua. Kýveit. Dár ál-kýtyb. 2003. – 337 b.
7. Doktor Ýsamá ás-Sáuid. Ál-Fásád ál-iqtisad ýá ásáryhý alá ál-mýjtamağ. Iskandarua, Dár ál-Jámiga ál-Jádidá, 2009 j. – 261 b.
8. QR Qylmystyq Kodeksi 2014 jylgy 3 shildedegi № 226-V. URL: https://kodeksy-kz.com/ugolovnyj_kodeks. (10.07.2025).
9. Jaña Qur'an. URL: <https://kuran.kz> (10.07.2025).
10. Fahr ád-din ár-Razi. Máfatih ál-ğaib. Qahiro. Dár ál-Fikr, 2005. – 364 b.
11. Ál-Qýrtýbi. Ál-Jamig li ahkám ál-Qýran ál-Kárim. Iskandarua, ál-Ilm. – 1999. – 386 b.
12. Áby Bákr Galib. Al-Mýharrar al-vadjiz fi tafsir al-Kitab al-Aziz. Qahiro, ál-Qalam. 2002. – 421 b.
13. Djamí at-Tirmizi. Istanbul. Dar án-Nádva, 1986. 1. T. – 502 b.
14. Át-Tabarani. Ás-Sağir. Dimashq, Ál-hýda. 1974. 1. T. – 489.
15. Ás-Sağani. Síbyl ás-Sálám. Beirýt, Dár ál-fikr. 2003. – 406 b.
16. Sahih ál-Buhari. Istanbul. Dar án-Nádva, 1998. 2. T. – 574 b.
17. Ash-Shaykani. Neil ál-Atýar. Qahira, Án-Náshr. 1987. – 384 b.
18. Áby Dáýit. Sýnán. Kýveit. Dár ál-kýtyb. 2001. – 557 b.
19. Ál-Báhaqi. Sýnán ál-Kýbra. Istanbul. Ianevi, 1996. 10. T. – 402 b.
20. Ibn Kásir. Táfsir ál-Qýran ál-azym. Beirýt, Dár ál-kýtyb ál-ilmua. 2002. 2. T. – 256 b.
21. Ás-Sýyít. Ád-dýrr ál-mansýr. Qahiro. Dár ál-Fikr, 2001. 2. T. – 454 b.
22. Ibn Kasir. Ál-Bidaia ýá әn-nihaia. Beirýt, Dár ál-kýtyb ál-ilmua. 2000. – 360 b.
23. Ibn Qýdama ál-Maqdisi. Ál-Mýgñi. Halab. Tolib ál-Ilm, 1997. 674 b.
24. Ás-Sağani «Síbyl ás-Sálám», 4/1403; Ál-Jassas «Ahkám ál-Qýran», 2/607.
25. Háshua Ibn Abidin. Matbağa Isa ál-Bábi ál-Hálbi. Qohira. Maktab, 1976 j. – 395 b.
26. Áz-Záilági. Tábuin ál-haqaiq sharh Kánz ád-Daqaiq. Týs. Dár ál-kitáb ál-islámi, 1991. – 386 b.

Для цитирования и библиографии: Сандыбаев Ж.С., Сабадин А.К. Ислам құқығында параның (ришуә) тыйым салынуының құқықтық және теологиялық негіздері // Право и государство. № 1(110), 2026. – С. 6-16. DOI: 10.51634/2307-5201_2026_1_6

Материал поступил в редакцию 19.11.2025